

«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
менгеруші м.а. Г.Конырбаева Г.Конырбаева
« 31 » « 08 » 2022 жыл



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Жемчужинки» мектепалды тобы**

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Ботантаева Жаннат Асановна

Балалардың жасы: 5 жас

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

№	Мерзімі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді қолдана білуге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Балабақшаға қатысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Үлгі бойынша ойыншықтар туралы қысқа мәтін құрастыра білу.
2	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың сөйлеу тынысын және дыбыстық аппаратын дамыту. Сөздік қор. Заттарды атап беруге үйрету, сөздік қорын көбейтуге жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Күз туралы сипаттап әңгімелеуге үйрету.

3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге үйрету; сөздегі қазақ тіліне тән <i>ә, ө, қ, ү</i> дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын өсімдіктердің, аңдардың, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттың атын, санын, сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсінуге дағдыландыру. 5-ке дейін санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоя білуге үйрету.
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді қолдана білуге үйрету; сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға төселдіру. Балаларға қазақша сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді қайталағанда сөйлеу екпінін дикциясын, яғни сөзге, буынға, екпінді дұрыс түсінуге үйрету. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын ауа райы құбылыстардың, аңдардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттың атын, санын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. 10-ға дейін санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.

5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі дыбыстар мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. <i>Ұ, і, ң, з, һ</i> дыбыстарының ерекшелігін ажырата білу. Сөздік қор. Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, сыпайылыққа қатысты сөздерді, ыдыс-аяқ, киім, жиһаздарды және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдануды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде қолдана білуге жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Сөйлеудің диалогтық түрлерін дамыту. Өзі туралы айту (есімі, жасы, тегі); өзінің отбасы туралы айту; айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?; Сау болыңыз; Рахмет және т.б.).
6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөз мәнерлілігін меңгерту. Дұрыс тыныс алуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың сынын, бір-бірімен қарым-қатынасын білдіретін, мазмұнды қабылдауын қалыптастыратын жаңа сөздермен байыту. 10-ға дейін тура және кері санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен суреттер туралы педагогтің үлгісі бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды дағдыландыру.

7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту. Артикуляциялық аппаратты дамыту және жаттықтыру. Сөздік қор. Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер атауын, адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Көктем жайлы өлеңдерді мәнерлеп айтуға, тіл байлығын, ой-өрісін кеңейтуге үйрету.
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Үйренген дыбыстарды сөз және сөйлем ішінде дұрыс анық айту. Сөздік қор. Күнделікті жиі қолданылатын көлік атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. «Мнемотехника» әдісі арқылы тақпақты жатқа айту дағдыларын қалыптастыру
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. Артикуляциялық моторикасының белсенділігін ынталандыру. Сөздік қор. Балаларға дене мүшелерінің қазақша атауын үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Ауызекі сөйлеу барысында тақырып бойынша меңгерген сөздерді қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтық және монологтық сөйлеуді дамыту

